**Жамбыл облысындағы жер сілкінісінің салдарларын жою және әлеуметтік маңызды объектілерді қалпына келтіру жөніндегі шаралар туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 9 маусымдағы N 540 қаулысы

Жамбыл облысының Тұрар Рысқұлов атындағы ауданындағы жер сілкінісінен зақымданған азаматтық мақсаттағы объектілерді қалпына келтіру мәселелерін жедел шешу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Жамбыл облысының Тұрар Рысқұлов ауданындағы жер сілкінісінен зақымданған объектілерді қалпына келтіру жөніндегі ведомствоаралық жұмыс тобы ұсынған 2003-2004 жылдарға арналған Іс-шаралар жоспары (бұдан әрі - Жоспар) мақұлдансын.

2. Қоса беріліп отырған Жамбыл облысындағы жер сілкінісі салдарларын жою жөніндегі іс-шараларды қаржыландырудың ережесі бекітілсін.

3. Жамбыл облысының әкiмiне жер сiлкiнiсiнен зардап шеккен объектiлерін салуға алдын ала ақы төлеуге, зілзала аймағынан басқа елді мекендерге көшірілетін азаматтар үшін тұрғын үйлер сатып алуға және салуға, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкiметiнiң резервiнен қаржыландырылатын объектiлер бойынша жөндеу-қалпына келтiру жұмыстарына 2003 жылға арналған республикалық бюджетте табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюға және өзге де күтпеген шығыстарға көзделген Қазақстан Республикасы Үкiметiнiң резервiнен 2 300 000 000 (екi миллиард үш жүз миллион) теңге бөлiнсiн.

4. Жамбыл облысының әкiмi мен Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөнiндегi агенттiгiнiң жекелеген сызбалар мен сметалар бойынша құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүзеге асыру туралы ұсынысына келiсiм берiлсiн.

5. Жамбыл облысының әкімі, Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі, бюджеттік бағдарламалардың әкімшіліктері 2003 жылғы 25 тамызға дейінгі мерзімде белгіленген тәртіппен мемлекеттік сараптама мен бекітуден өткен жобалау-сметалық құжаттама негізінде жүргізілетін жұмыстардың құны бөлігінде іс-шаралар жоспарын нақтылау жөнінде ұсыныстар енгізсін.<*>

Ескерту. 5-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.08.08. N 793 қаулысымен .

6. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды қамтамасыз етсін және тоқсан сайын Қазақстан Республикасының Үкіметіне есеп берсін.

7. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары А.С.Павловқа жүктелсін.

8. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
*Премьер-Министрі*
Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2003 жылғы 9 маусымдағы
N 540 қаулысына
қосымша

**Жамбыл облысының Тұрар Рысқұлов ауданындағы жер сілкінісінен зардап шеккен объектілерді қалпына келтіру жөніндегі 2003-2004 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары**

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2003.08.08. N 793 қаулысымен .

Ескерту. Қосымша өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.08.21. N 842 қаулысымен .

| N п/п | Объектінің атауы | Мекен-жайы | Қуаты | Тексеру нәтижелері | Тапсырыс беруші |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| | | | | | **1. Білім беру объектілері** |
| 1 | Т.Рысқұлов атындағы мектеп | Луговая ст. | 784 оқушы | Бекітілген күрделі жөндеу | Облыс әкімі |
| 2 | Мектеп | Ақбұлақ селосы | 640 оқушы | Бекітілген күрделі жөндеу | Облыс әкімі |
| 3 | Мектеп | Қызыл шаруа ауылы | 640 оқушы | Бекітілген күрделі жөндеу | Облыс әкімі |
| 4 | Байтұрсынов атындағы мектеп | Көкдөнен ауылы | 500 оқушы | Бекітілген күрделі жөндеу | Облыс әкімі |
| 5 | Сұлтанбеков атындағы мектеп | Жақсылық ауылы | 500 оқушы | Бекітілген күрделі жөндеу | Облыс әкімі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 6 | Орта мектеп | Қарақат ауылы | 120 оқушы | Бекітілген күрделі жөндеу | Облыс әкімі |
| 7 | Б.Момышұлы атындағы мектеп | Қарақыстақ ауылы | 640 оқушы | Бекітілген күрделі жөндеу | Облыс әкімі |
| 8 | Сәтбаев атындағы мектеп | Жаңатұрмыс ауылы | 780 оқушы | Бекітілген күрделі жөндеу | Облыс әкімі |
| 9 | Мектеп | Құлан ауылы | 400 оқушы | Жоспарлы құрылыс | Аудан білім беру бөлімі |
| 10 | Оқу-өндірістік комбинат | Құлан ауылы | 140 оқушы | Бекітілген күрделі жөндеу | Облыс әкімі |
| 11 | Спорт мектебі | Құлан ауылы | 96 орын | Жөндеу | Облыс әкімі |
| 12 | Горький атындағы мектеп | Луговая ст. | 1200 оқушы | Бұзып қайта құрылыс жүргізу | "ҚТЖ" ҰК ЖАҚ |
| 13 | Мектеп-лицей | Құлан ауылы | 640 оқушы | Бекітілген күрделі жөндеу | "Қазтрансгаз" ЖАҚ |
| 14 | Ш.Уәлиханов атындағы мектеп | Құлан ауылы | 640 оқушы | Бекітілген күрделі жөндеу | "Қазтрансгаз" ЖАҚ |
| 15 | N2 мектеп | Құлан ауылы | 1256 оқушы | Бекітілген күрделі жөндеу | "Қазтрансгаз" ЖАҚ |
| 16 | Абай атындағы мектеп | Еңбекші ауылы | 500 оқушы | Бұзып қайта құрылыс жүргізу | "ҚазМұнайГаз" ҰК" ЖАҚ |
| 17 | Орта мектеп | Қазақ ауылы | 250 оқушы | Бұзып қайта құрылыс жүргізу | "ҚазМұнайГаз" ҰК" ЖАҚ |
| 18 | Әубәкіров атындағы бастауыш мектеп | Луговая ст. әскери қалашығы | 100 оқушы | Күрделі жөндеу | ҚорМ |

---

**2. Денсаулық сақтау объектілері**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Туберкулезге қарсы диспансер | Құлан ауылы | 40 орын | Бұзып қайта құрылыс жүргізу | Облыс әкімі |
| 2 | Аудандық АЭА | Құлан ауылы | - | Бұзып қайта құрылыс жүргізу | Облыс әкімі |
| 3 | N2 Отбасылық-дәрігерлік амбулатория | Құлан ауылы | 75 адамдық | Бекіту | Облыс әкімі |
| 4 | N2 Отбасылық-дәрігерлік амбулатория | Луговая ст. | 75 адамдық | Бұзып қайта құрылыс жүргізу | Облыс әкімі |
| 5 | N2 Отбасылық-дәрігерлік амбулатория | Қарақыстақ ауылы | 25 адамдық | Бұзып қайта құрылыс жүргізу | Облыс әкімі |
| 6 | N2 Отбасылық-дәрігерлік амбулатория | Ақбұлақ ауылы | 25 адамдық | Күрделі жөндеу | Облыс әкімі |
| 7 | Фельдшерлік-акушерлік пункт | Қызылшаруа ауылы | - | Бұзып қайта құрылыс жүргізу | Облыс әкімі |
| 8 | Консультациялық-диагностикалық емхана | Құлан ауылы | 150 адамдық | Бекіту | Облыс әкімі |
| 9 | Фельдшерлік-акушерлік пункт | Абай ауылы | - | Бекіту | Облыс әкімі |
| 10 | Перзентхана | Құлан ауылы | 76 орын | Жаңа құрылыс | Облыстық денсаулық сақтау бөлімі |
| 11 | Туберкулезге қарсы балалар санаторийі | Қарақыстақ ауылы | 75 төсек | Жаңа құрылыс | Облыстық денсаулық сақтау бөлімі |
| 12 | Аудандық емханасы бар аурухана | Құлан ауылы | 150 төсек | Жаңа құрылыс | Облыстық денсаулық сақтау бөлімі |

## 3. Әкімшілік-өндірістік мақсаттағы объектілер

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Қазынашылық | Құлан ауылы | - | Бекіту | ҚарМ |
| 2 | Аудандық салық комитеті | Құлан ауылы | - | Бекіту | ҚарМ жөніндегі |
| 3 | АІІБ (2 блок) | Құлан ауылы | - | Бекіту | Облыс әкімі |
| 4 | Прокуратура | Құлан ауылы | - | Бекіту | Бас прокуратура |
| 5 | Өрт сөндіру бөлімі | Құлан ауылы | - | Бұзып қайта құрылыс жүргізу | Облыс әкімі |
| 6 | Аудандық статистика басқармасы | Құлан ауылы | - | Бекіту | СА |
| 7 | Аудандық әкімдік | Құлан ауылы | - | Күрделі жөндеу | Облыс әкімі |
| 8 | Луговая ст. әкімдігі | Луговая ст. | - | Бекіту | Облыс әкімі |
| 9 | Аудандық әкімдік ғимараты | Еңбекші ауылы | | Бекіту | Облыс әкімі |
| 10 | Аудандық әкімдік ғимараты | Қарақыстақ ауылы | | Бекіту | Облыс әкімі |
| 11 | Аудандық әкімдік ғимараты | Құлан ауылы | | Бекіту | Облыс әкімі |
| 12 | Оңтүстік әскери округтің казармалық-техникалық аймағының объектілері | Луговая ст. әскери қалашық | - | Күрделі жөндеу және бекіту | ҚорМ |
| 13 | Уақытша ұстау изоляторы бар ЛІІБ ғимараты | Луговая ст. | - | Бұзып қайта құрылыс жүргізу | ІІМ |
| 14 | Жаңа құрылыс алаңдарына желілер салу, сумен, электрмен жаб. | Құлан ауылы Луговая ст. | - | Құрылыс салу | Облыс әкімі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | дықтау, автомо. биль жолдарын салу | |
| 15 | Клуб | Луговая ст. | 200 | Бекітілген орын күрделі жөндеу | Облыс әкімі |
| 16 | Мұражай | Құлан ауылы | - | Бекіту | Облыс әкімі |
| 17 | Аудандық қаржы бөлімі | Құлан ауылы | - | Бекіту | Облыс әкімі |
| 18 | Аудандық мәдениет үйі | Құлан ауылы | - | Бекіту | Облыс әкімі |
| 19 | Типография | Құлан ауылы | - | Бекіту | Облыс әкімі |
| 20 | Аудандық әскери комиссариат | Құлан ауылы | - | Бекітілген күрделі жөндеу | ҚорМ |
| 21 | ҰККД АБ | Құлан ауылы | - | Күрделі жөндеу | ҰҚК |
| 22 | "Қазақстан Халық Банкі" ААҚ | Құлан ауылы | - | Күрделі жөндеу | "Қазақстан Халық Банкі" ААҚ |
| 23 | Рысқұлов АПББ | Құлан ауылы | - | Күрделі жөндеу | ККМ |
| 24 | "Қазақтелеком" ААҚ | Құлан ауылы | - | Күрделі жөндеу | "Қазақтеле. ком" ААҚ |
| 25 | Темір жол вокзалы | Луговая ст. | - | Бекіту | "ҚТЖ" ҰК" ЖАҚ |
| 26 | Инженерлі-инфра. құрылым объекті. лері | Луговая ст. | - | Қалпына келтіру және күрделі жөндеу | "ҚТЖ" ҰК" ЖАҚ |
| 27 | Құрылыс алаңдары мен тұрғын аймақтарындағы инженерлік-гео. логиялық іздестірулер | 7 округ бойынша елді мекендер | 21 | ЖСҚ және объект құрылыс қорытын. дылары үшін іздестіру материалдары | Облыс әкімі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 28 | Құрылыс алаңдары мен тұрғын аймақтарының аумақтарын топографиялық-геодезиялық картаға түсіру | Құлан ауылы Луговая ст. | 252,3 га | ЖСҚ және құрылыс қорытын. дылары үшін іздестіру материалдары | Облыс әкімі |
| 29 | Елді мекендер. дің дренаж желі. лерінің құрылысы | Құлан ауылы Луговая ст. Еңбекші ауылы | 53,0 км | Жаңа құрылыс | Облыс әкімі |
| 30 | Жаңа жер телім. деріндегі ауыл шаруашылығы шы. ғындарын өтеуге арналған шығындар | Құлан ауылы | 15,0 га | Ауыл шаруа. шылық желілері (бидай, арпа - 15,58 га) | Облыс әкімі |
| 31 | "Жамбыл" сейсмо. станциясы мен "Меркі" гидротех. никалық станция. сын жаңғырту | Тараз қаласы Меркі ауылы | | Жабдықтар сатып алу | ҚР ҰҒА сейсмология институты |
| 32 | Облыстың басқа аудандарында және республиканың басқа өңірлерінде тұрғын үй сатып алуға арналған шығыстар және жер сілкінісінің сал. дарларын жою жөніндегі іс-ша. раларды орындауға арналған күтпеген шығындар | | | | |

---

## 4. Тұрғын үй құрылысы

---

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Жаңа құрылыс | Луговая ст. әскери қалашық | 70 | Бұзып жаңа құрылыс салу | ҚорМ |
| 2 | Жаңа құрылыс | | 1064 | Бұзып жаңа құрылыс салу | Облыс әкімі |
| 3 | Бекітілген күрделі жөндеу | | 4390 | Бекітілген күрделі жөндеу | Облыс әкімі |
| 4 | Әскери қалашық. тың қазандығы бар тұрғын үй аймағын күрделі жөндеу | Құлан ауылы | 245 | Бекітілген күрделі жөндеу | ҚорМ "Қолдау" РМК |
| 5 | Инженерлік желі. лері бар тұрғын үй аймағын күр. делі жөндеу | Луговая ст. әскери қалашық | 186 | Бекітілген күрделі жөндеу | ҚорМ |
| 6 | Жаңа құрылыс | | 5 | Бұзып жаңа құрылыс салу | ҰҚК |
| 7 | Жаңа құрылыс | | 960 | Жаңа құрылыс | Қазақстан Республика. сының облыстары Бұзып жаңа құрылыс салу |
| 8 | Жаңа құрылыс | | 50 | Жаңа құрылыс | Жамбыл облысы |
| 9 | Жаңа құрылыс | | 302 | Жаңа құрылыс | "ҚТЖ" ҰҚ" ЖАҚ |
| 10 | Жаңа құрылыс | | 16 | Жаңа құрылыс | "KEGOC" ААҚ |
| 11 | Жаңа құрылыс | | 15 | Жаңа құрылыс | Қазатом. өнеркәсіп |
| 12 | Бекітілген күрделі жөндеу | | 450 | Бекітілген күрделі жөндеу | "ҚТЖ" ҰҚ" ЖАҚ |

13 Жаңа құрылыс 150 Бұзып жаңа құрылыс салу

14 Тараз қаласында тұрғын үйлердің 132 Құрылысты Облыс әкімі аяқтау құрылысын аяқтау

Кестенің жалғасы

| N п/п | Объектінің атауы | Құрылыстың басталу және аяқталу мерзімдері | Қаржыландыру көздері |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 7 | 8 |
| | | **1. Білім беру объектілері** | |
| 1 | Т.Рысқұлов атындағы мектеп | 2003 ж. 5.05. 2003 ж. 1.09. | Республикалық бюджеттің резерві |
| 2 | Мектеп | 2003 ж. 8.06. 2003 ж. 1.09. | Республикалық бюджеттің резерві |
| 3 | Мектеп | 2003 ж. 7.06. 2003 ж. 1.09. | Республикалық бюджеттің резерві |
| 4 | Байтұрсынов атындағы мектеп | 2003 ж. 6.06. 2003 ж. 1.09. | Республикалық бюджеттің резерві |
| 5 | Сұлтанбеков атындағы мектеп | 2003 ж. 8.06. 2003 ж. 1.09. | Республикалық бюджеттің резерві |
| 6 | Орта мектеп | 2003 ж. 8.06. 2003 ж. 1.09. | Республикалық бюджеттің резерві |
| 7 | Б.Момышұлы атындағы мектеп | 2003 ж. 7.06. 2003 ж. 1.09. | Республикалық бюджеттің резерві |
| 8 | Сәтбаев атындағы мектеп | 2003 ж. 8.06. 2003 ж. 1.09. | Республикалық бюджеттің резерві |
| 9 | Мектеп | 2003 ж. 5.05. 2003 ж. 1.09. | Республикалық бюджеттің резерві |
| 10 | Оқу-өндірістік комбинат | 2004 ж. 1.02. 2004 ж. 1.08. | Республикалық бюджеттің резерві |
| 11 | Спорт мектебі | 2004 ж. 1.02. 2004 ж. 1.03. | Республикалық бюджеттің резерві |

12 Горький атындағы 2003 ж. 5.06. Меншік қаражат
мектеп 2003 ж. 1.09.
13 Мектеп-лицей 2003 ж. 7.06. Меншік қаражат
2003 ж. 1.09.
14 Ш.Уәлиханов атын. 2003 ж. 25.07. Меншік қаражат
дағы мектеп 2003 ж. 1.09.
15 N2 мектеп 2003 ж. 7.06. Меншік қаражат
2003 ж. 1.10.
16 Абай атындағы 2003 ж. 7.06. Меншік қаражат
мектеп 2003 ж. 1.09.
17 Орта мектеп 2003 ж. 1.07. Меншік қаражат
2003 ж. 1.08.
18 Әубәкіров атын. 2003 ж. 1.07. "Алматы құрылысы"
дағы бастауыш 2003 ж. 1.08. АҚ-тың меншікті
мектеп қаражаты

---

## 2. Денсаулық сақтау объектілері

---

1 Туберкулезге 2004 ж. 1.02. Республикалық
қарсы диспансер 2004 ж. 1.12. бюджет
2 Аудандық АЭА 2004 ж. 1.02. Республикалық
2004 ж. 1.12. бюджет
3 N2 Отбасылық-дә. 2004 ж. Республикалық
рігерлік амбула. бюджет
тория
4 N2 Отбасылық-дә. 2004 ж. Республикалық
рігерлік амбула. бюджет
тория
5 N2 Отбасылық-дә. 2004 ж. Республикалық
рігерлік амбула. бюджет
тория
6 N2 Отбасылық-дә. 2004 ж. Республикалық
рігерлік амбула. бюджет
тория
7 Фельдшерлік- 2004 ж. Республикалық
акушерлік пункт бюджет
8 Консультациялық- 2004 ж. Республикалық
диагностикалық бюджет
емхана

9 Фельдшерлік-акушерлік пункт 2004 ж. Республикалық бюджет

10 Перзентхана 2003 ж. 1.07. 2004 ж. 1.07. Республикалық бюджет

11 Туберкулез қарсы балалар сана. торийі 2003 ж. 1.07. 2004 ж. 1.06. Республикалық бюджет

12 Аудандық емхана. сы бар аурухана 2003 ж. 1.08. 2004 ж. 1.08. Республикалық бюджет

---

## 3. Әкімшілік-өндірістік мақсаттағы объектілер

---

1 Қазынашылық 2003 ж. ҚарМ бюджет

2 Аудандық салық жөніндегі комитеті 2004 ж. ҚарМ бюджет

3 АІІБ (2 блок) 2003 ж. Республикалық бюджеттің резерві

4 Прокуратура 2003 ж. Республикалық бюджеттің резерві

5 Өрт сөндіру бөлімі 2003 ж. Республикалық бюджеттің резерві

6 Аудандық статистика басқармасы 2003 ж. СА бюджеті

7 Аудандық әкімдік 2004 ж. Республикалық бюджет

8 Луговая ст. әкімдігі 2003 ж. Республикалық бюджеттің резерві

9 Аудандық әкімдік ғимараты 2004 ж. Республикалық бюджеттің резерві

10 Аудандық әкімдік ғимараты 2004 ж. Республикалық бюджет

11 Аудандық әкімдік ғимараты 2004 ж. Республикалық бюджет

12 Оңтүстік әскери округтің 2003 ж. 10.06. ҚорМ бюджеті 2003 ж. 15.10. казармалық-техникалық аймағының объектілері

13 Уақытша ұстау изоляторы бар ЛІІБ ғимараты 2003 ж. 1.07. 2003 ж. 1.12. Республикалық бюджеттің резерві

14 Жаңа құрылыс алаңдарына желі. лер салу, сумен, электрмен жаб. дықтау, автомо. биль жолдарын салу 2003 ж. Республикалық бюджеттің резерві

15 Клуб 2004 ж. Республикалық бюджет

16 Мұражай 2004 ж. Республикалық бюджет

17 Аудандық қаржы бөлімі 2004 ж. Республикалық бюджет

18 Аудандық мәдениет үйі 2004 ж. Республикалық бюджет

19 Типография 2004 ж. Республикалық бюджет

20 Аудандық әскери комиссариат 2004 ж. Қор.Мин. бюджеті

21 ҰККД АБ 2003 ж. ҰҚК бюджеті

22 "Қазақстан Халық Банкі" ААҚ 2004 ж. "Қазақстан Халық Банкі" ААҚ

23 Рысқұлов АПББ 2004 ж. "Қазпочта" ҰК" ЖАҚ меншік

24 "Қазақтелеком" ААҚ 2003 ж. "Қазақтелеком" ААҚ

25 Темір жол вокзалы 2003 ж. 1.06. "ҚТЖ" ҰК" ЖАҚ меншік қаражаты

| | | | |
|---|---|---|---|
| 26 | Инженерлі-инфра. құрылым объекті. лері | 2003 ж. 1.06.<br>2003 ж. 1.09. | "ҚТЖ" ҰК" ЖАҚ меншік қаражаты |
| 27 | Құрылыс алаңдары мен тұрғын аймақтарындағы инженерлік-гео. логиялық іздестірулер | 2003 ж. 29.05.<br>2003 ж. 25.06. | Республикалық бюджеттің резерві |
| 28 | Құрылыс алаңдары мен тұрғын аймақтарының аумақтарын топографиялық-геодезиялық картаға түсіру | 2003 ж. 25.05.<br>2003 ж. 25.06. | Республикалық бюджеттің резерві |
| 29 | Елді мекендер. дің дренаж желі. лерінің құрылысы | 2003 ж. 5.06.<br>2003 ж. 31.12. | Республикалық бюджеттің резерві |
| 30 | Жаңа жер телім. деріндегі ауыл шаруашылығы шы. ғындарын өтеуге арналған шығындар | 2003 ж. | Республикалық бюджеттің резерві |
| 31 | "Жамбыл" сейсмо. станциясы мен "Меркі" гидротех. никалық станция. сын жаңғырту | 2004 ж. | Республикалық бюджеттің резерві |
| 32 | Облыстың басқа аудандарында және республиканың басқа өңірдерінде тұрғын үй сатып алуға арналған шығыстар және жер сілкінісінің сал. дарларын жою жөніндегі іс-ша. | 2003 ж. | Демеушілік көмек |

раларды орындауға арналған күтпеген шығындар

## 4. Тұрғын үй құрылысы

| | | | |
|---|---|---|---|
| 1 | Жаңа құрылыс | 2003 ж. 5.06 . 2003 ж. 1.10. | ҚорМ бюджеті |
| 2 | Жаңа құрылыс | 2003 ж. 5.06. 2003 ж. 10.10. | Республикалық бюджеттің резервi |
| 3 | Бекітілген күрделі жөндеу | 2003 ж. 1.06. 2003 ж. 15.10. | Республикалық бюджеттің резервi |
| 4 | Әскери қалашық. тың қазандығы бар тұрғын үй аймағын күрделі жөндеу | 2003 ж. 10.06. 2003 ж. 15.10. | ҚорМ бюджеті |
| 5 | Инженерлік желі. лері бар тұрғын үй аймағын күр. делі жөндеу | 2003 ж. 10.06. 2003 ж. 15.10. | ҚорМ бюджеті |
| 6 | Жаңа құрылыс | 2003 ж. 15.10. дейін | ҰҚК бюджеті |
| 7 | Жаңа құрылыс | 510 үй- 2003 ж. 5.06. 2003 ж. 1.09. | Меншік қаражат |
| | | 450 үй- 2003 ж. 1.07. 2003 ж. 1.10. | Республикалық бюджеттің резервi |
| 8 | Жаңа құрылыс | 2003 ж. 5.06. 2003 ж. 10.10. | Облыстық бюджет |
| 9 | Жаңа құрылыс | 2003 ж. 5.06. 2003 ж. 1.10. | Меншік қаражат |
| 10 | Жаңа құрылыс | 2003 ж. 5.06. 2003 ж. 1.10. | Меншік қаражат |
| 11 | Жаңа құрылыс | 2003 ж. 5.06. 2003 ж. 10.10. | Меншік қаражат |

12 Бекітілген күрделі жөндеу 2003 ж. 1.06. 2003 ж. 10.10. Меншік қаражат

13 Жаңа құрылыс 2003 ж. 15.10. дейін Демеушілік қаражат

14 Тараз қаласында тұрғын үйлердің құрылысын аяқтау 2003 ж. 15.06. 2003 ж. 1.10. Республикалық бюджеттің резерві

---

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 9 маусымдағы N 540 қаулысымен бекітілген

## Жамбыл облысындағы жер сілкінісі салдарларын жою жөніндегі іс-шараларды қаржыландырудың ережесі

1. Осы ереже жер сілкінісі салдарларын жоюға арналған Жамбыл облысына қаржылық көмек көрсету мен оны пайдаланудың, сондай-ақ Жамбыл облысы жергілікті атқарушы органының коммуналдық меншігіндегі немесе республикалық меншіктегі объектілерді және жер сілкінісі салдарларынан зақымданған тұрғын үйлерді сатып алуды, салуды және күрделі жөндеуді қаржыландыру тәртібін айқындайды.

2. Жер сілкінісі салдарларын жоюға арналған Жамбыл облысына қаржылық көмек көрсету, сондай-ақ Жамбыл облысы жергілікті атқарушы органының коммуналдық меншігіндегі немесе республикалық меншіктегі объектілерді және жер сілкінісі салдарларынан зақымданған тұрғын үйлерді сатып алу, салу және күрделі жөндеу мынадай көздердің есебінен жүзеге асырылады:

1) Қазақстан Республикасының Үкіметі резервінің қаражаты есебінен;

2) облыстардың, Астана және Алматы қалалары жергілікті бюджеттері қаражатының есебінен;

3) Жамбыл облысы жергілікті бюджеттерінің қаражаты есебінен;

4) Жамбыл облыстық қаржы басқармасы мен Тұрар Рысқұлов атындағы ауданның аудандық қаржы бөліміне қазынашылық органдарында ашылған демеушілік және қайырымдылық көмек көрсету шоттарында жинақталған қайырымдылық көмек қаражаты есебінен;

5) ұлттық компаниялар мен басқа да заңды тұлғалардың өз қаражаты есебінен.

3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен бөлінетін қаражат Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 18 қыркүйектегі N 1408 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Үкіметі резервінің қаражатын пайдалану ережесінде

белгіленген тәртіппен пайдаланылады.

Жамбыл облысының әкімі жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын тиісті атқарушы орган туралы ережеге сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен белгіленген іс-шараларды қаржыландыру жөніндегі жергілікті бюджеттік бағдарлама әкімшісін айқындайды.

4. Облыстардың, Астана және Алматы қалалары жергілікті бюджеттерінің қаражаты жер сілкінісі салдарларын жоюға арналған Жамбыл облысына қаржылық көмек көрсетуге, сондай-ақ Жамбыл облысы жергілікті атқарушы органының коммуналдық меншігіндегі объектілерді және жер сілкінісі салдарларынан зақымданған тұрғын үйлерді салу және күрделі жөндеуге жұмсалуы мүмкін.

Облыстардың, Астана және Алматы қалалары жергілікті бюджеттерінің есебінен Жамбыл облысы жергілікті атқарушы органының коммуналдық меншігіндегі объектілерді және жер сілкінісі салдарларынан зақымданған тұрғын үйлерді салуды және күрделі жөндеуді қаржыландыру жергілікті бюджеттерде бекітілген тиісті бюджеттік бағдарламалар бойынша жүзеге асырылады.

Осы жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері зардап шеккен аумақтағы құрылыс жұмыстарының тапсырыс берушілері болып табылады. Құрылыс аяқталғаннан кейін салынған объектілер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Жамбыл облысының коммуналдық меншігіне беріледі.

5. Жамбыл облысының облыстық және аудандық бюджеттерінің қаражаты мәслихаттар мен жергілікті атқарушы органдардың шешімдеріне сәйкес пайдаланылады.

6. Заңды және жеке тұлғалардан қайырмалдық және қайырымдылық көмек, сондай-ақ Қазақстан Республикасының басқа да жергілікті бюджеттерінен мақсатты трансферттер түрінде келіп түскен ақша Жамбыл облыстық қаржы басқармасы мен Тұрар Рысқұлов атындағы ауданның аудандық қаржы бөліміне қазынашылық органдарында ашылған демеушілік және қайырымдылық көмек көрсету шоттарына аударылады.

Демеушілік және қайырымдылық көмек көрсету шоттарына келіп түскен ақша тек қана Тұрар Рысқұлов атындағы аудандағы жер сілкінісі салдарларын жоюға пайдаланылады.

Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының жергілікті атқарушы органдары тиісті жергілікті бюджеттер есебінен Жамбыл облысына қаржылық көмек көрсету туралы шешім қабылдау кезінде олардың нысаналы мақсатын қаулымен мақұлданған іс-шаралар жоспарына сәйкес айқындайды.

Жамбыл облысының әкімі Жамбыл облыстық қаржы басқармасы мен Тұрар Рысқұлов атындағы ауданның аудандық қаржы бөліміне қазынашылық органдарында

ашылған шоттарға келіп түскен қаражат есебінен қаржыландырылатын объектілерді әрбір шот бойынша жеке, сондай-ақ олардың пайдаланылуын жүзеге асыруға өкілетті жергілікті мемлекеттік органдарды белгілейді.

7. Жамбыл облысының жергілікті атқарушы органы Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне осы Ереженің 2-тармағының 1), 3), 4)-тармақшаларында көрсетілген қаражатты жұмсаудың және оларды пайдаланудың нәтижесі туралы есепті ұсынады және олар мақсаттан тыс пайдаланылған жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілік тартады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК